

БЕКТЕМІН:

Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Милы бастауып білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Максат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, кітаптарды сөрелерге тәртіппен қою мүмкіндігін іс-тәжірибеде орындауға дағдыландыру.	"Топтың ішін ретке келтір". Максат-міндеттері. Балаларды ересектерге көмектесуге дағдыландыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	Бөлме өсімдіктерін күту. Максат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (қурап қалған жапырақтарды алып тастау), оларды күтіп-баптауға қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолғабыс етуге тәрбиелеу.	"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Максат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға,	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Максат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуді үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу.

				еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету.	
<p>ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп айтуға, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</p> <p>"Лото</p>	<p>Үстел үсті ойыны, мозанка. "Жабайы аңдар". Максат-міндеттері. Олардың мекен ететін жерлері, қоректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы. Максат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық</p>	<p>"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>"Бір сөзбен ата" ойыны. Максат-міндеттер: балаларға үй және жабайы жануарларды</p>	<p>Санамақтар айтқызу. Қасқыр қакты қакпаны. - Ашындар, тез! - айтқаны. Сол-ақ екен лактар-Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына кереует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде? (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың</p>	<p>"Сипаттама бойынша аңды таны" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету, балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Такпақ жаттау Қоян Есек құлақтас Ит сирақтас, Түйе еріндес, Жапалақ көздес, Бұта түбі кеуегі, Кеуегінде көжегі. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда</p>	

	<p>"Жануарлар" үстел ойыны. Максат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. (сөйлеуді дамыту, казак тілі)</p>	<p>енінде, кол белде) Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймаңдайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді сокқылау)</p> <p>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бұгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймаңдайды. (Маймаңдап жүру) Д. Ахметова (дене шынықтыру, көркем сөз)</p>	<p>жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, казак тілі)</p> <p>Дидактикалық ойын. «Жасырынған қандай жануар». Максат-міндеттер: Балалардың ойлау қабілетін дамиды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>кателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (сөйлеуді дамыту, казак тілі)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)</p>				

	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, кол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, колдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, колдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, кол төменде 3.1. Жерге отырып, колдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, колдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, колдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру. Барысы. Педагогтің үстелінде суреттер жатады: сәбіз, қырыққабат, танқурай, бал, балық, жанғақ, шырша бүршігі, саңырауқұлақ, ағаш қабығы, шөп, тауық, коян, козы және тағы</p>	<p>"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. Барысы. Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.) Қоныр, қыста ұйқыға кетеді, епсіз. (Аю.) Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.)</p>	<p>"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні танертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде</p>	<p>"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, музыка)</p>	<p>Шаттық шеңбері Максат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен косталар. Отбасым мыналар. Ең жақын адамдар, Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! (әлеуметтік-эмоциялық)</p>

	<p>басқа. Балалар суреттерді сәйкес жануарға жапсырады.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қу, айлакер. (Түлкі.)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа. (қоршаған ортамен танысу, танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>		<p>дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>"Сұр көжек".</p> <p>Максат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, саппен еркін жүгіруді үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>"Қоян секілді секірейік".</p> <p>Максат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе</p>	<p>Музыка</p> <p>"Жомарт түлкі".</p> <p>Максат-міндеттері. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>"Еркін жүгіреміз".</p> <p>Максат-міндеттері. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>"Орманда нелер мекендейді?"</p> <p>"Жабай аңдар".</p> <p>Максат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқият тыңдауды, өздеріне таныс жабайы аңдардың атауларына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету.</p>

		отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.	сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тындауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту.	құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапка ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бір қатарда еркін жүгіруді үйрету.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін	Жапырақтардың жерге түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттер: Балаларға күзгі	Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды	Шырша ағашын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген

<p>толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау).</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшандыққа баулу.</p> <p>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.</p> <p>Жүргізуші былай жариялайды:</p>	<p>табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жапырақтар жерге неге түседі? Бұл туралы балаларға мағлұмат беру.</p> <p>Тапсырма: «Күзгі кілем» атты тақырыпқа аппликация жасау.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ағаштар мен бұталардың жапырақтары қандай? - Жапырақтары ең көп түскен ағаштардың атын атаңдар? - Ал қандай ағаштар мен бұталардың жапырақтары әлі жасыл? - Ағаштардың жапырақтары неге күзде түседі? - Бұл құбылысты не деп атаймыз? <p>Көркем сөз: Жапырақтар</p>	<p>құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жанбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар алаңның бір шетінде тұрады.</p> <p>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр.</p> <p>"Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" -</p>	<p>үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.</p> <p>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.</p> <p>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)</p> <p>Такпак.</p> <p>- Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың?</p>	<p>қызығушылықты арттыру.</p> <p>Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы такпак, жұмбақтарын еске түсіріп айту.</p> <p>Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңарту.</p> <p>Шыршаның негізгі түсін, неліктен жапырақтардың жоқ болғанын сұрау.</p> <p>- Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, суықтан қорықпайды.</p> <p>- Шыршаның бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді.</p> <p>- Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі.</p> <p>Жасыл желек жамылған Міне, сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз!</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы қурап түскен жапырақтардан тазарту.</p>
--	---	--	--	--

<p>- Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны аркалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. (дене шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені ұстап ал". (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: дене, қимыл қозғалыстарын дамыту.</p>	<p>саулайды Ағаштың басынан. Ұшып жатыр жан – жакка Шегетіндей тау қайғы Бұлақтарда тасыған. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: Ойынның шартын бұзбай, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып ойнау. Еңбек: Жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау. Максат-міндеттер: Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру. Қимылды жаттығулар: Баскетбол ойынындағы жаттығуларды жасап үйрену.</p>	<p>деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барындар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады. "Қапты көлденен нысанаға лактыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденен нысанға лактыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лактыруға арналған құм салынған қаптар. Еңбек әрекеті: бақшадағы көгөністерді суару. Максат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, камкорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандыру (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лактыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.</p>	<p>Максат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізу "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса,</p>
--	---	--	--	---

			<p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>Еңбек әрекеті: құрал қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері: Балаларды қарпайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері: Балаларды ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.</p>	<p>жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" деп, ұя рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынатын тұрған "қу түлкі": "Мен мыңдамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталыпбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Балалардың еркін ойыны.</p>
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттері: Балаларға көжек туралы тақпақты жаттату кезінде оның тіршілік ету</p>	<p>"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттері: Балаларға қонжықты қоныр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қоян орманға барады". Мақсат-міндеттері: Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы геометриялық</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр". Мақсат-міндеттері: Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктелуі қасиетімен таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тек екі жарты шеңберге бүктеуді үйрету.</p>

<p>ерекшеліктері туралы мағлұматтар беру; көжек туралы такпак жолдарын мәнерлеп айтуға ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуді үйрету.</p> <p>Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Максат-міндеттері. Аңдардың төлдерін тануды үйрету және қазақ тілінде атауға дағдыландыру. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ пен қолдың қимылын сәйкестендіріп, бәріне еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана</p>	<p>Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Қорқақ коян". Максат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен</p>	<p>мүшелерін, қосалқы бөлшектермен толықтырып салуды үйрету.</p> <p>Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту,</p>	<p>пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды байқауды үйрету; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі</p>	<p>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</p> <p>"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жабайы жануарлар". Максат-міндеттері. Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру; жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Дидактикалық ойын. "Жабайы жануарлардың төлдерін ата". Максат-міндеттері. Жабайы аңдар мен олардың күшіктерін табуды үйрету.</p>
--	--	---	---	--

	<p>болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)</p> <p>"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.</p> <p>Максат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Барысы.</p> <p>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен</p>	<p>сәйкестендіруді үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктерін арттыру.</p> <p>"Қорқақ қоян" ойыны.</p> <p>Максат-міндеттер. Музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен ыргакты сезіне білу қабілетін дамыту.</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</p> <p>"Қоян".</p> <p>Максат-міндеттері. Қоянның ерекшеліктері арқылы балалардың сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; қоянның дене мүшелерін атағанда</p>	<p>есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Барысы. Бір күні танертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұнайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)</p>	<p>топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: "Ненің құлағы?".</p> <p>Максат-міндеттер.</p>	
--	---	---	---	---	--

	<p>балалар жасырган (ойыншыкты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алдымен педагог балаларға заттың карапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".</p>	<p>көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауды, басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп". Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату) Аннан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату) Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау) Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір ұысқа жинақтап, соққылау) Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті. (сөйлеуді дамыту)</p>		
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Кіріпжан" тақпағын жаттау.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Қонжық".</p>	<p>Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".</p>	<p>"Түлкі" тақпағын жаттау.</p>	<p>"Қасқыр" тақпағын жаттау.</p>

	<p>Максат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Д. Ахметова "Кірпіжан". Кірпіжан, кірпіжан. Кайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? Жолым көп, жолым көп, Қоректі іздеймін. Қорек көп, қорек көп, Тауып алып, жеймін. (көркем әдебиет)</p>	<p>Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау). Томпан-томпан басады. Қорбан-қорбан қорбаңдап (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау), Бізді көрсе кашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау). (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Максат-міндеттері. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы ағатын еселері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңдар, енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және оның төлін айтады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)</p>	<p>Максат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Төлеу Шаханов "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып, Қақтанға жуымай Жүреді қуын-ай! (көркем әдебиет)</p>	<p>Максат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Жүсіп Қасымов "Қасқыр". Көрдіңіз бе әне, аға, Атам қутан аршанды! Түнде шауып қораға Дүркіреткен бар малды. Қолға түсіп қалыпты, Сыбағасын алыпты. (көркем әдебиет)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?"</p>	<p>Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Баланыз сырқаттанып қалса ..."</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншак болса ..."</p>	<p>Әңгімелесу. "Баланы еңбекке баулу".</p>	<p>Сөйлеу тілінің бұзушылықтары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер.</p>